

Ақмола облысы Бурабай ауданы
Обалы ауылының орта мектебі

**2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫ БОЙЫНША
КІТАПХАНАСЫНЫҢ
ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРАЛАР ЕСЕБІ**

Дайындаған: Бижанова Г.Х.

2023 ж.

Мектеп кітапханасы екінші қабатта орналасқан. Кітапхананың жалпы ауданы 56 м². Кітапхана бір бөлмеден тұрады. Оқу залы жоқ. Отыратын орын -4. Кітапхана ішінде жалпы 14 сөрелер қойылған. Кітаптар жүйеленіп қойылған. Әр сөреде тиісті оқулықтар, кітаптар жинақталған. Кітапхананың жұмыс жоспары бекітілген, іс номерклатурасына сәйкес құжаттар бар.

Аудандық білім бөлімі бекіткен, рұқсат берген кітаптарды есептен шығару актісі бар. Оқушылардың және мұғалімдердің формулярлары жаңадан жасалған, алынған кітаптарды үнемі тіркеп отырамыз. Мектеп оқушылары кітапханаға жиі келеді, әсіресе бастауыш және орта буын оқушылары. Кітапханаға мүлдем келмейтін оқушылар жоқ.

Мектеп кітапханасы оқулықтар, көркем әдебиет, энциклопедиялар, сөздіктер, оқу-әдістемелер, ғылыми-әдістемелік журналдар, мерзімді басылымдар арқылы толықтырылып отырады. Кітапханаға оқушылар келіп, қажетті әдебиеттерін жазғызып алып отырады, білімдерін толықтырады.

Кітапханашы мектеп ұжымын газет, журналдарға жазылуын қамтамасыз ететін, бірақ бүгінде пандемия салдарынан баспасөзге жазылуы тоқталды. Бастауыш сынып оқушылары кітапхананың негізгі сауаттылығымен таныстырылды. Кітапханаға алғаш рет бару саяхаты ұйымдастырылды. Кітапхана жұмысы мектеп ұжымымен, жалпы білімдік үрдісіне байланысты жүргізіліп отырады. Кітапханада көптеген кітап көрмелері ұйымдастырылды.

«Рухани келісім – халық бірлігіне бастар жол» бағдарламасы аясында және насихаттау мақсатында кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты:

Рухани адамгершілік құндылықтар мен білім жүйесін дамытып қалыптастыру; Басқа ұлт өкілдерінің мәдениетін, әдет-ғұрпын сыйлауға үйрету

«Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» атты мақал – мәтелдердің жалғасын тауып, жұмбақтарды шешу сайысы өткізілді

Мақсаты: Оқушыларды «Сөз мәйегі - мақал» дегендей, ата - бабамыздан қалған өсиет сөздері арқылы адамгершілікке, ойын нақты, дұрыс жеткізуге, тапқыр сөйлеуге үйрету. Сөз өнері арқылы оқушылардың дүниетанымын кеңейту, тапқырлыққа, даналыққа тәрбиел

ҚР Тәуелсіздік күніне арналған **«Жасай бер, Тәуелсіз Қазақстан!»** тақырыбында кітаптар көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушыларды патриоттық сезімге тәрбиелеу. 1986 жылғы көтеріліс құрбандарын құрметтеп және есімдерін оқырмандарға насихаттау мақсатында. Өз Отанына деген құрметін жеткізе біліп, Отанын, халқын мақтан тұту.

ҚР Тәуелсіздік күніне арналған **«Елімнің Тәуелсіздігі мәңгі жасай берсін!»** атты бастауыш сынып оқушылармен тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға Қазақстан тәуелсіздік жолында не бір «тар

жол тайғақ кешулерден» өткенін, тәуелсіздік жолында елі, жері үшін күрескен батырларымыздың ерлігін, өрлігін, білімділігін көрсету егеменді болуын паш ету. Қазақ халқын, ерлігін, даналығын бізге қасиеттерін ардақтап, туған жерін, елін құрметтеуге тәрбиелеу патриоттық сезімдерін ояту. Тәуелсіз, ұлан, ел сөзінің маңыздылығы жайлы ой қозғау.



Бастауыш оқушылар арасында «Сүйікті ертегілер елінде» тимбилдінгі өткізілді

Мақсаты: оқушыларды ертегілерді оқу арқылы кітапдарды оқуға тарту. Оқушының тілін, қиялын, сөздік қорын, логикалық қабілетін, танымын дамыту. Зейінін, ақыл - ой белсенділігін арттыру, тез ойлауға машықтандыру



«Мен кітап оқуды жақсы көремін» кітаптар кештері өткізілді

Мақсаты: Кітап-сарқылмас рухани қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Оқулықтарын күтіп ұстауға үйрету.

Бастауыш сыныптар кітапханамен танысу

Мақсаты; Оқушыларға кітап қандай пайда әкелетінін түсіндіру,



"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "Кітап қалай пайда болды" кітапханалық сағаты өтті.





Ауған соғысына 35 жыл!

Максаты: Соғыста болған ардагерлермен таныстыру,





Отбасым менім тірегім;

Мақсаты; Әке Ана Бала. Отбасы мүшелері арасында қандай қарым-қатынас туралы әңгімелесу. Кітаптардан жазылғанкөрмені көрсету.



«Кітап - сарқылмас қазына» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді

Мақсаты:

Кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсініктерін кеңейту. Кітапқа деген қызығушылығын арттыру.



"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "Кітап оқып рухани бай бол!" тақырыбында 5 сынып оқушыларымен тәрбие сағаты өткізілді.



Кітапхананың негізгі кітап қорының саны – 3255 дана, оның ішінде, оқулықтар саны – 1656 дана, көркем әдебиет – 1530 дана, электрондық оқулық және CD, аудио-бейне құжаттар 200 дана.

Әр жыл сайын кітапхана қоры жаңа оқулықтармен толықтырылады. Оқушылар жаңа буын оқулықтарымен толық 100% қамтылған.